

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8D023 Тілдер және әдебиет: 8D02310 (6D020500) – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

1. Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылдың 8 қыркүйегінде Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына және «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылыми бағытына сәйкес келеді.

2. Ғылымға маңыздылығы. Ортағасырда мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіш лексикасының семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған зерттеу жұмысы қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы толық ашылған.

3. Өзі жазу принципі. Диссертациялық жұмысты жазудағы өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері ғылыми дәлелдерге құрылған.

4. Ішкі бірлік принципі. Диссертациялық зерттеудің өзектілігі жалпы саны 181 отандық және шетелдік ғалымдардың баспа жұмыстарын қамтитын әдебиет көздерін егжей-тегжейлі талдап, нәтижесінде жоспарланған жұмыстың негізгі бағытын айқындайтындай іздену тереңдігімен негізделеді. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішіндегі мәмлүк-қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткішті алғаш рет қазақ тіліне аударып еркін аудармасын, транскрипциясын жасаған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны ұсынылған жұмыстың тақырыбын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыс өзара тығыз байланысқан үш тараудан тұрады. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің жазылу тарихы, полегорафиялық және кодикологиялық сипаты және фонетикасының ерекшеліктері, ескерткіш лексикасы қазіргі қазақ тілі және түркі тілдерімен тікелей сабақтасатынын дәлелдейтін негізгі ұғымдары қарастырылған. Екінші тарауда жазба ескерткіш тіліндегі кірме сөздер ажыратылып, оның ішінде арнайы діни лексикаға талдау жасаған. Сонымен қатар жылқы малына қатысты, ветеринариялық, медициналық терминдер де алғаш рет жүйелі түрде қарастырылады. Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында жазба ескерткіш тіліндегі жылқы малына қатысты соматикалық атаулар, жаратылыс құбылыстарына тән атаулар, жануарлар атаулары жан-жақты зерттелінген. Әр тараудың соңында

тару мазмұнына сай тұжырымдары, яғни нәтижелері берілген. Диссертациялық жұмыстың мақсаты және міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары логикалық түрде толық байланысқан. Автор ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда сыни көзқараспен ой қорытындылаған.

5. Ғылыми жаңашылдық принципі. Ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған диссертациялық зерттеудің қағидаттары толығымен жаңа, себебі аталған ортағасырлық жазба ескерткіш алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, қазақ тіліне алғаш рет аударылуында

1. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің жанрлық, палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері алғаш рет кешенді түрде сипатталып, оның тарихи-мәдени және лингвистикалық құндылығы анықталған

2. Ескерткіш тілінің фонетикалық жүйесі тарихи-компаративтік бағытта зерттеліп, дыбыстық заңдылықтар мен эволюциялық өзгерістер жүйелі түрде дәйектелген.

3. Ескерткіштің лексикасы қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы-типологиялық тұрғыда жан-жақты талданып, сөздердің басым көпшілігінің мағынасы мен формасы өзгеріссіз сақталғандығы дәлелденіп, біршамасының фонетикалық өзгерістері анықталған.

4. Мәтіндегі араб-парсы және моңғол тілдерінен енген кірме сөздер анықталып, мәмлүк-қыпшақ кезеңіндегі араб сөздері мен қазіргі қазақ тіліндегі арабизмдердің нақты дәйектері берілген.

5. Мәмлүк-қыпшақ кезеңінің ветеринариялық және атбегілік кәсіби лексика алғаш рет «Байтарату'л-вазих» мәтіні негізінде кешенді зерттеліп, түркі, араб тіліндегі баламалары көрсетілген.

6. Жылқы малына қатысты атаулардың тарихи-мәдени, семантикалық және когнитивтік сипаты кең ауқымда зерттеліп, ұлттық дүниетанымдағы орны мен мәдени кодтық мәні анықталған.

7. Ескерткіштегі жылқыға қатысты соматикалық бірліктер мен олардың лексика-семантикалық өрісі жан-жақты талданып, олардың тарихи даму жолы мен қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі сипатталған.

8. Адам өмірі, тұрмыс-тіршілік және әлеуметтік қатынастарға қатысты лексикалық бірліктер этно-мәдени және тарихи аспектілер бойынша жүйеленіп, мәмлүк-қыпшақ қоғамының мәдени-әлеуметтік болмысы тілдік деректер арқылы ашылған.

6. Негізгі қорытындылардың негізділігі. Алынған нәтижелер, сондай-ақ диссертация қорытындылар негізделген және сенімді, бұл зерттеу әдістерімен, эмпирикалық және дәлдік мәліметтермен қамтамасыз етіледі.

7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар. Толығымен жаңа

8. Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілік принципі сақталған.

Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.

9. Практикалық құндылық принципі. Жұмыста теориялық маңызы бар нәтижелер мен оларға негізделген тұжырымдар келтірілген. Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа болып табылады, атап айтқанда, тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, этимологиялық, типологиялық, дескриптивті (сипаттамалы), контекстуалдық, интерпретациялық, дискурсивтік, когнитивтік, герменевтикалық, фактологиялық-салыстырмалы, тарихи-компаративті талдау әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ, семантикалық карталау (semantic mapping) және мәдени-танымдық карталау (cultural-cognitive mapping), мәтінді қазбалау (text mining) тәсілдері арқылы мәтіндегі лексикалық бірліктердің мағынасы мен мәдени жүктемесі тереңірек қарастырылды. Бұған қоса, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, библиографиялық, этнолингвистикалық, лексикостатистикалық (quantitative linguistics), корпусстық лингвистика сияқты әдістер ескерткіш мәтінін тарихи және мәдени контексте жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді. Деректерді жинақтау, жүйелеу, топтау, сұрыптау, сипаттау, тұжырымдау, семантикалық өріс бойынша жіктеу, ұғымдық тұрғыдан салыстыру сияқты дәстүрлі тілдік тәсілдер де кешенді түрде қолданылды. Докторант зерттеу жұмысы аясында «qazcorpus.kz», «turkish national corpus», «termincom.kz», «<https://www.millisaraylar.gov.tr>», «<https://sozdikqor.kz/>», «manisa@yek.gov.tr», «bursainebey@yek.gov.tr», «vahidpasa@yek.gov.tr» сынды цифрлық, әлеуметтік желілер «<https://www.facebook.com.>», «<https://www.instagram.com/>» дерекқорлармен жүйелі түрде жұмыс жүргізген.

10. Жазу және ресімдеу сапасы. Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны рәсімдеу талаптарға сәйкес келеді.

11. Диссертацияға ескертулер.

Диссертациялық жұмыста грамматикалық қателер, сонымен қатар кейбір сөздердің арабша баламаларын жазу барысында сәйкессіздіктерге жол берілген, сондай-ақ сөздердің қыпшақша баламаларын жазу барысында да ішнара қателіктер кездеседі. Бірақ бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың мазмұнына нұқсан келтірмейді.

12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша жазылған мақалалары.

1. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату'л-вазих» қолжазбасының маңызы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. № 4 (149) Түркістан, 2024 ж. Б.45-60.

2. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінде кездесетін соматикалық атаулардың лексика-семантикалық сипаты Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, ғылыми журнал. №2 Астана, 2025 ж. Б.296-309

3. Ортағасырлық жазба ескерткішіндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері («Байтарту'л-вазих» және Кодекс Куманикус жазба ескерткіштері негізінде) Қ.А.Ясауи атындағы университетінің Хабаршысы ғылыми журнал. №2 (134). Түркістан, 2025ж. Б.190-206.

4. «Байтарту'л-вазих» жазба ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау

университетінің хабаршысы. Филология сериясы №3/. Көкшетау, 2025ж. Б. 23-34

5. «Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы: әлеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық өзгерістер» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, №3/ 2025. <https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped>

13. Ресми рецензенттің шешімі. 8D02310 - «Филология» мамандығы бойынша Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбында ұсынылған диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сай келетіндігін негізге ала отырып, Батырбекова Камшат Айшигаровнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған диссертациялық жұмысын қорғау жіберуге лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент

А. Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы
университетінің профессоры, ф.ғ.д.



Р.А. Досжан